

3 САНЫҢ КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ КЕСТЕСІН ҚҰРАУ

Дайындаған: Етрекова А.А.

I. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

○ «Жылулық шеңбері»

Бәріміз орнымыздан тұрып, үйімізде қанша адам болса, сонша жұлдыз алып, шеңбер құрып, отбасымыздың, еліміздің амандығын тілеп, қолдарымыздағы жұлдыздарды ортаға шашамыз.



II. Үй тапсырмасын тексеру

Есеп №5 а) $18:2=9$

Жауабы: 9 жұп

ә) $6*2=12$

Жауабы: 12 ғарышкер

Кері есеп а) $9*2=18$ $2*9=18$ ә)

$12:2=6$



III. Қызығушылықты ояту

1. Көбейтудің компоненттерін ата?
2. Бөлудің компоненттерін ата ?
3. Жұп сандарды ата ?
4. Тақ сандарды ата ?
5. Қандай сандар 2-ге бөлінеді?



V. МАҒЫНАНЫ ТАҢУ

- Қазақ қандай сандарды қасиетті сандар деп есептейді?
3,5,7,9 сандары Ендеше осы сандардың ішінен 3 саны туралы не білеміз?
- Үш асыл: 1. Көз 2. Тіл 3. Көңіл
- Үш биік: 1. Билік 2. Дәулет 3. Даналық
- Үш арсыз: 1. Ұйқы 2. Күлкі 3. Тамақ
- Үш керек: 1. Адалдық 2. Еңбексүйгіштік 3. Өнерпаздық
- Үш би: 1. Төле би 2. Қазыбек би 3. Әйтек би
- Үш артық: 1. Ақыл 2. Тиым 3. Ұғым
- Аптаның үшінші күні сәрсенбі. Бұл күнді сәтті күн деп білген. Олай болса, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы 3-ке көбейту және бөлу кестесін құрау деп аталады.

Қимылды ойындар




Мен 3 санына көбейту және бөлу кестесін құрастыруды үйренемін.

1. Үш-үштен сана.



Айсұлудың әр секіргенінде 3 бірлік бар. Екі, үш секіргенінде неше бірлік бар?



2. Кестеге қара. 3 санына көбейту және бөлу кестесін құрастыруды жалғастырып, әр бағанды толықтыр.

$$3 \cdot 3 = 3 \cdot 2 + 3 = 9$$

$$3 \cdot 4 = 3 \cdot 3 + 3 = 12$$

$$3 \cdot 5 = 3 \cdot 4 + 3 = \square$$

... ..

$$3 \cdot 9 = 3 \cdot 8 + 3 = \square$$

$$4 \cdot 3 = 12$$

$$5 \cdot 3 = \square$$

... ..

$$9 \cdot 3 = \square$$

$$9 : 3 = 3$$

$$12 : 3 = 4$$

$$15 : 3 = \square$$

... ..

$$\square : 3 = \square$$

$$12 : 4 = 3$$

$$15 : 5 = \square$$

... ..

$$\square : \square = 3$$

Недіктен $3 \cdot 3$ өрнегінен бастап жазылған?

3. Есептерді шығар.

а) Сырым эстафеталық жарыста әр жүгірген сайын 3 доптан әкеледі. Егер ол 4 (5, 6, 9) рет жүгірсе, онда неше доп әкеледі?

ә) 12 (18, 9, 15) допты әр себетке 3-тен салатын болса, қанша себет қажет?

4. Салыстыр.

$$3 \cdot 9 * 5 \cdot 3$$

$$3 \cdot 2 * 3 \cdot 4$$

$$3 \cdot 8 * 9 \cdot 2$$

$$3 \cdot 5 * 2 \cdot 8$$

$$5 \cdot 2 * 3 \cdot 7$$

$$6 \cdot 3 * 2 \cdot 4$$

5. Суреттер бойынша теңдіктер және теңсіздіктер құрастыр.

Бірінші суреттегі гіртастарды немесе көгөністерді пайдаланып, екінші суреттегі таразы табақтарын қалай теңестіруге болады?



СЕРГІТУ СӘТІ


Жаңбыр жауды себелеп,

Тығылады көбелек.

Біз қолшатыр астында

Би билейміз дөңгелеп!

V. «ТОЛҒАНЫС» ВЕНН ДИАГРАММАСЫ



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА:

Амал таңбалары мен жақшаларды тауып
жаз:

3..... 3..... 3..... 3=4 ----- 3.....

3..... 3..... 3 =0

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА:

- № 4 Тапсырма: Салыстыр